# Ата – аналар үшін ереже

1. Таңертен балаңызды жуындырып,
Таза,ыңғайлы,әдемі,тартымды киіндіріп.
Балабақшаға ертіп келіңіз.
Егер де бала ұқыпты киінген болса,
Онда оған да,үлкендерге де сүйкімді болады.
2. Егер де сіздің балаңызды денсаулығы нашарласа ,
Жедел түрде дәрігерді шақырыңыз.
Мұндай жағдайда ұмытпай,
Біздерге ауырғаны жөнінде хабарлаңыз.
3. Үшінші ережені есте сақтауыңызды сұраймыз
Құрметті аналар,әкелер және балалар
Таңертен өтінеміз,ұзақ ұйықтамаңыз.
Таңертеңгі жаттығудан кешігіп қалмаңыз.
Бізге балабақшаға тездетіп жетіңіз,
Бұл пайдалы екенін айтуға рұқсат етіңіз.
4. Кешкісін уақытыңызды бос өткізіп алмай,
Балаңызды уақытылы,кешікпей алып кетіңіз.
Егер де балаңыз сабырлы және көңілді болса,
Сіз балаңызбен бірге өте бақытты сезінесіз.

**Аналар мен әкелер!**

Татулыққа шақырамыз.
Бірігіп балаларды өсірейік,тәрбиелейік.
Біз сіздерді көруге қуаныштымыз! Қошеметпен күтеміз

Сіздің балаңызбен бірге:

Тәрбиешілер:

Scanned with CamScanner Сканировано с Ca

# Отбасы-тәрбие бастауы

«Ұл тәрбиелей отырып,жер иесін тәрбиелейміз,\
Қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз»

Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін-өзі сақтау, ұрпақты жалғастыру және өзін- өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады.

Отбасының негізгі міндеттері:

1)Баланың өсіп, дамуына толық жағдайлар жасау;
2)Балаға әлеуметтік- экономикалық және психологиялық қорғаушы болу;
3)Өз халқының этно мәдениетінің тәжірибесін ауыстыру;
4)Баланың адамгершілігін дамытуға мүмкіндік жасау;

Отбасылық тәрбиенің негізгі принциптері:

1)Өсіп келе жатқан адамға қайрымдылық және мейрімділік көрсету;
2)Балаларды отбасы өміріне енгізу, ақылшы ретінде қарау;
3)Балалармен ашық және сенімділік қарым – қатынас жүргізу;
4)Талап қоюда жүйелілік жасау;
5)Өзінің баласына шамасына қарай көмек жасау,сұрақтарға жауап беруге дайындалу.

Scanned with CamScanner Сканировано с Ca